# Солоновка ауылының көше атауларын өзгерту туралы

Шығыс Қазақстан облысы Катонқарағай ауданы Солоновка ауылдық округі әкімінің 2012 жылғы 15 ақпандағы N 01 шешімі. Шығыс Қазақстан облысы Әділет департаментінің Катонқарағай аудандық әділет басқармасында 2012 жылғы 27 ақпанда N 5-13-114 тіркелді

РҚАО ескертпесі.

Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 35-бабының 2-тармағына, «Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы» Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Заңының 14-бабының 4)-тармақшасына сәйкес, Солоновка ауылы тұрғындарының пікірін ескере келе **ШЕШЕМІН:**

1. Солоновка ауылындағы көшелердің атаулары төмендегідей өзгертілсін:

Береговая көшесі – «Сейткамза Кезембайұлы Кезембаев атындағы» көшеге;

Заречная көшесі – «Астана» көшесіне.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау бас маман Д. Батекенова жүктелсін.

3. Осы шешім алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Ауылдық округ әкімі* *Б. Ережепов*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК